



# **Биржаның 2016 – 2018 жылдарға даму стратегиясы**

"Қазақстан қор биржасы" АҚ

# Миссиясы, мақсаты, болашақты көруі



## МИССИЯСЫ

Мемлекеттік және жеке секторлардағы отандық компаниялардың қаржы тартуына қажетті технологиялық инфрақұрылымды қамтамасыз ету және жергілікті және шетелдік инвесторлар үшін сенімді, тиімді және айқын инвестициялық аясын ұсыну арқылы Қазақстанның тұрақты экономикалық дамуына себептесу

## МАҚСАТЫ

Маркетингілік белсенділікпен, ашық ақпараттық саясатпен және инвесторлар мен бағалы қағаздар эмитенттерінің мүдделеріне мұқияттылықты арттырумен бірге бір кешендегі техникалық модернизация биржалық нарықтың көлемі мен өтімділігінің елеулі өсуіне жеткізеді, сондай-ақ бизнесті қор нарығының құралдары арқылы қаржыландыру үлесінің артыуна әкеледі

## БОЛАШАҚТЫ КӨРУІ

Биржа 2019 жылы – инновациялар мен коммуникацияларға максималды ашық, отандық эмитенттердің, сондай-ақ қазақстандық және шетелдік инвесторлардың қажеттіліктерін тиімді қанағаттандыруға қабілетті, клиенттерге бейімделген замани сауда алаңы

## Биржалық нарықтың дамуы

- Жаңа инвесторларды тарту
- Инвесторлық базаны кеңейту
- Валюталық нарықтың дамуы
- Клирингілік қызметтің дамуы

## Биржаның клиенттерге бейімделуін және оның қызметтерін арттыру

- Нарыққа қатысушылар мен Биржа мүшелерімен жұмыс
- Корпоративтік интернет-сайтты жамыту
- Биржаның имиджін жақсарту және оның қызметі туралы ақпараттандыру арттыру
- Қызметтер сапасын арттыру

## Биржалық бизнестің тиімділігі мен бәсекеге қабілеттілігін арттыру

- Ақпараттарды тарату және сату
- IT-жүйелерді дамыту
- Операциялық тәуекелдерді басқару жүйесінің модернизациясы

# Биржалық нарықты дамыту (1)



## Қор нарығына бағалы қағаздардың жаңа эмитенттерін тарту

### Мақсаттар

- Капитализациясы орташа компанияларға арналған альтернативті сауда алаңын бөліп шығарумен листингтің трансформациясы
- Капитализациясы орташа отандық компанияларға ерекше көңіл бөле отырып, компанияларды тарту
- Бағалы қағаздар эмитенттерімен және инвесторлармен өзара әрекеттестікті жақсарту, қор нарығының құралдары арқылы қаржыландыру сұрақтары бойынша кеңес берушілік қолдау көрсетуді кеңейту
- Жаңа қаржы құралдарын әзірлеу және айналысқа жіберу
- Эмитенттермен жұмыс барысында икемді тарифтік саясатты жүргізу

### Нәтижесі

- Листингілік компаниялардың санын 172 дейін көбейту
- Корпоративтік бағалы қағаздардың кемінде 170 шығарылымының листингін өткізу
- Акциялар нарығының капитализациясын 13,2-ден 15,7 трлн теңгеге дейін немесе Қазақстанның ЖІӨ болжамды мәнінен 33 %-ға дейін өсіру
- Инвесторлар үшін листингтің түсініктірек құрылымын жасау

## Инвесторлық базаны кеңейту

### Мақсаттар

- Институционалдық инвесторлардың инвестициялары көлемінің өсуін қамтамасыз ету
- Биржалық салаға бөлшек инвесторларды тартуды белсендіру
- Инвесторлардың мүддесін қорғауды арттыру бойынша іс-шараларды іске асыру
- MSCI, S&P және FTSE нарықтық классификаторларындағы қазақстандық нарықтың мәртебесін көтеру
- ЕАЭО елдерінен қашықтан мүшелік етушілерді тарту

### Нәтижесі

- Биржа мүшелерінің санын кемінде 30 %, соның ішінде шетелдік кәсіби қатысушыларды тарту есебінен, ұлғайту
- Сауда-саттық көлемдері мен қор нарығының өтімділігін арттыру

# Биржалық нарықты дамыту (2)



## Шетелдік валюта нарығын дамыту

### Мақсаттар

- Қазақстанның брокерлік ұйымдарын және олардың клиенттеріне рұқсаттама беру арқылы нарыққа қатысушылар санын ұлғайту
- ЕАЭО елдерінен қашықтан қатысушыларды тарту
- Екінші деңгейдегі қатысушылардың (DMA-клиенттердің) сауда-саттығына «тікелей рұқсаттама» механизмін енгізу
- Валюталық нарықтағы тәуекелдерді басқару жүйесін жетілдіру
- Валюталық нарықта (ОКҚ) орталық клирингілік қарсы агенттің институтын енгізу

### Нәтижесі

- Валюталық нарықтың өтімділігі мен тереңдігін арттыру
- Биржалық нарықта шетел валюталарымен жасалатын мәмілелердің шоғырлануы
- Валюталық нарық мүшелерінің санын 30 %-ға арттыру

## Клирингілік қызметті дамыту

### Мақсаттар

- Шетел валюталары нарығына қатысушыларға арналған маржалық және кепілдік жарналарды енгізу
- Шетел валюталары нарығында сақтық қорды қалыптастыру
- Қор нарығында маржалау жүйесін жетілдіру
- Шетел валюталарының сауда-саттығы кезінде ОКҚ элементтерін енгізу

### Нәтижесі

- Биржалық нарықта тәуекелдерді төмендету
- ОКҚ қатысуымен нарықта есеп айырысулардың кепілденуіне қолжеткізу
- Шетелдік клиенттердің белсенділігін арттыру
- Биржаның кірісін ұлғайту
- Биржаның бәсекелік жайғасымдарын нығайту

# Клиенттерге бейімделуді арттыру (1)



## Нарыққа қатысушылармен және Биржа мүшелерімен жұмыс

### Мақсаттар

- Листингтік компаниялармен және Биржаның толық мүшелерімен коммуникацияларды күшейту
- Қаржылық есеп берушілік депозитарийінің интернет-ресурсымен интеграциялану
- Бағалы қағаздар эмитенттері мен Биржа мүшелері үшін ақпараттарды ашу жүйесін жетілдіру
- Корпоративтік уақиғалар туралы Биржаға және Қаржылық есеп берушілік депозитарийіне есеп берушіліктер қалыптастырғанда қайталануды жою

### Нәтижесі

- Листингтік компаниялар мен Биржа мүшелері үшін сервисті жақсарту
- Биржаның, оның мүшелерінің және листингтік компаниялардың операциялық шығындарын азайту

## Корпоративтік интернет-сайтты дамыту

### Мақсаттар

- Веб-сайттың құрылымын және дизайнын өзгерту
- Сайттың функционалдық мүмкіндіктерін кеңейту және қолдану ыңғайлығының деңгейін жоғарылату
- Мазмұнын жаңарту, биржалық өнімдер мен қызметтер туралы ақпараттық материалдармен толықтыру

### Нәтижесі

- Беттерінің жүктелуі тез, пайдаланушылардың негізгі санаттарының мұқтаждарына бейімделген және, Биржаны ақпараттық тұрғыдан ашық және жоғары технологиялы компания ретінде сипаттайтын, замани динамикалық сайт

# Клиенттерге бейімделуді арттыру (2)



## Имиджді жақсарту

### Мақсаттар

- Биржаны айқын және ашық, медиакеңістікте және әлеуметтік желілерде қатысуы кең компания ретінде жайғастыру
- Мықты брендті қолдау және мақсатты аудиторияның ниеттестігін арттыру
- Биржаның қызметі туралы көкейкесті және нақты ақпараттарды ұсыну
- Қолдағы бар бар және жаңа пайдаланушылардың Биржаның қызметіне қызығушылығын арттыру

### Нәтижесі

- Сауда алаңы ретінде жағымды имиджі бар, өз клиенттеріне көптеген мүмкіндіктер ұсынатын, танымал бренд

## Қызметтер сапасын арттыру

### Мақсаттар

- Көрсетілетін биржалық қызметтер сапасының деңгейі туралы келісімді әзірлеу және енгізу
- Негізгі бизнес-үдерістерді нысандандыру және оңтайландыру
- Корпоративтік мәдениетті және Биржа қызметкерлерінің жауапкершілігін арттыру
- Биржа клиенттерінің биржалық қызметтерге қанағаттануы деңгейі туралы жүйелі түрде сауалдаулар өткізу

### Нәтижесі

- Биржа қызметкерлерінің жұмыс тиімділігін арттыру
- Қызмет көрсету сапасының нақты статистикасын қалыптастыру
- 2018 жылдың соңына қарай клиенттердің қанағаттануының мақсатты көрсеткішін 90% деңгейіне жеткізу

# Бизнестің тиімділігін арттыру



## Бизнестің тиімділігін арттыру

### мақсаттар

- Биржа ақпараттарын таратуды және сатуды көбейту
- Ақпараттар өнімдердің топтарын кеңейту
- Биржа ақпараттарын тарату барысындағы ақпараттық технологияларды жетілдіру
- Биржаның МӨО жұмысының сенімділігін арттыру
- Операциялық тәуекелдерді басқару жүйесін модернизациялау

### Нәтижесі

- Биржалық ақпаратты сатып алушылар санын 30 %-ға ұлғайту және Биржаның ақпараттық өнімдерін кәсіби таратушыларының санын 12 компанияға дейін көбейту
- IT-инфрақұрылымы жұмысының сенімділігін арттырып, Биржаның өзекті жүйелерінің қолжетімділік коэффициентін 99,98 % деңгейіне дейін жеткізу
- IT жүйелері жабдықтарының тоқтап қалудан сенімділігін арттыру, операциялық тәуекелдерді азайту